

Жеке қорғаныс құралдары

Жеке қорғаныс құралдар
тағайындалуына байланысты келесі
топтарға бөлінеді:

- **Тыныс органдарын қорғау құралдары** (газқағарлар, респираторлар);
- **Арнайы киім** (костюмдер, комбинезондар, халаттар, алжапқыштар);
- **Арнайы аяқ киім** (бәтеңкелер, етіктер, қонышсыз бәтеңкелер, қонышсыз етіктер);
- **Қолды қорғайтын құралдар** (қолғаптар);
- **Басты қорғайтын құралдар** (шлемдер, каскалар);
- **Бетті қорғайтын құралдар** (қорғану маскалар);
- **Көзді қорғайтын құралдар** (қорғаныш көзілдірігі);
- **Есту мүшесін қорғайтын құралдар** (күлаққаптар, күлақ тығындары);
- **Қорғаныс дерматалогиялық құралдар** (майлар, пасталар, тері тазартқыштар).

Тыныс органдарын **жеке қорғау құралдарына** өндірістік газқағарлар мен респираторлар жатады. Олар әдетте тыныс органдарын қоршаған ортадан оқшаулайтын бет пердеден және демалу үшін таза ауамен қамтамасыз ететін тетіктерден тұрады. Тыныс органдарын **жеке қорғау құралдары** таза ауамен қамтамасыз ету тәсілі бойынша екі типке бөлінеді:

1. Сүзуші, оларда дем алатын ауа зиянды қоспалардан сүзгіш материал немесе сорбент арқылы тазаланады;
2. Оқшаулайтын, оларда дем алу қоршаған ортадан толығымен оқшауланған. Бұл құралдарға түтікті газқағарлар және респираторлар жатады. Оларға дем алатын таза ауа өндірістік зиянды заттармен ластанбаған таза ортадан түтік арқылы беріледі.



